АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ИНДЕР АУДАНЫ
ЕСБОЛ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІНІҢ ӘКІМІ

АКИМ ЕСБОЛСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
ИНДЕРСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ
ОБЛАСТИ

ӨКІМ **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

«30» мамыр 2024 жыл № 46 - Ө « » 2024 год
Есбол ауылы село Есбол

Техникалық сумен қамтамасыз
ету жұмыстарын жүргізу туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 37-бабының 3-тармағын және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 39-бабының 3-тармағының 1-тармақшасын басшылыққа ала отырып:

1. «Есбол ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің теңгеріміндегі саябақтар мен жасыл желектерді техникалық сумен қамтамасыз ету жұмыстарын «Индер Су» ШЖҚ КМК-мен бір көзден сатып алу тәсілімен жүргізілсін.

2. Сатып алу жұмыстарын жүргізу үшін келісім – шартқа отырып веб-порталға орналастыру есепші Даулетьярова Айсулу Ермековнаға міндеттелсін.

3. Осы өкімнің орындалысын бақылауды өзіме қалдырамын.

Округ әкімі: **А.Тілеккабыл**